ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 8 маусым Іс №1513-25-00-2/2111 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы Д.Н.Тажимуратова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Пернебек Альфия Айдарқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Б.Н.Оразалин
жауапкер А.А.Пернебек

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 26 мамырда «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Пернебек Альфия Айдарқызы (өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №414/24 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 1 129 000 теңгеге донорлық қанның патогендік компоненттерін инактивациялауға арналған аппаратын жыл бойы, тапсырыс берушінің сұранысы бойынша өтінім түскен күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей жеткізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2025 жылғы 11 маусымда енгізілген.

Талап қоюшы тарапынан өтінім 2025 жылғы 2 маусымда жолданған, яғни, 2025 жылғы 2 шілдеге дейін.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

2025 жылдың 10 шулдеде талап қоюшы мемлекеттік сатып алу веб портал арқылы жауапкерге шартты бір жақты бұзу хабарлама жолданды, 2025 жылғы 25 шілдеде шарт бұзылды.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 22 838 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі жауапкермен шарттық міндеттемелер орындалмағанын айтып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер талап қоюды мойындамай, қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюымен уақытылы жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025. Сулья Кустанов Р. Б., 20.10.2025

Сот отырысында жауапкермен шарттық міндетін орындамағаны анықталды.

2025 жылғы 25 шілдеде тараптар арасындағы міндеттемелер шарттың бұзылуына байланысты аяқталды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына сәйкес (әрі қарай-АПК), жауапкерден жергілікті бюджетке 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс. Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025, сулья Кустанов Р. Б., 20.10.2025
1513-25-3-1/2819

тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша шарттың орындалмаған жұмыстары үшін тұрақсыздық айыбы 2025 жылғы 3 шілдеден - 24 шілде аралығында (1 129 000 теңге х 0,1% х 22 күн) 22 838 теңгені құрайды.

Сот талап қоюшының есебін дұрыс емес деп санайды, өйткені 2025 жылғы 3 шілдеден - 24 шілде аралығында (1 129 000 теңге х 0,1% х 22 күн) 24 838 теңгені құрайды.

Алайда, АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Сондықтан, сот талап қоюшының есебін қабылдайды және өндірілуге жатады деп санайды.

Бұл ретте, жауапкерден мемлекет пайдасына 22 838 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және жергілікті бюджетке 685 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Пернебек Альфия Айдарқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Пернебек Альфия Айдарқызынан мемлекет пайдасына 22 838 (жиырма екі мың сегіз жүз отыз сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және жергілікті бюджетке 2 651 (екі мың алты жүз елу бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025. сулия Кустанов Р. Б., 20.10.2025

1513-25-3-1/2819

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 15.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025, сулья Кустанов Р. Б., 20.10.2025